



**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ
қызметі туралы қорытынды есеп**

Маңғыстау облысы Ішкі саясат басқармасы

Есеп кезеңі: 2023 жыл

Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың өз қызметінің нәтижелері туралы ЕСЕБІ

1. Гранттарды орналастыру есебі кезеңінің басталу және аяқталу күні:

Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының 2023 жылғы 09 қаңтардағы №02-03/04 бұйрығымен бекітілген басым бағыттар тізбесі бойынша, Гранттар беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру қағидасының 24 тармағына сәйкес

<https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystauuvp/documents/details/401342?lang=ru>

<https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystauuvp/documents/details/401342?lang=kk>

Оператор қоғамды ақпараттандыру мақсатында уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурстарында жоспар орналастырылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында және өзге де көздерде хабарландыруды қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

2023 жылға арналған үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру конкурсы туралы хабарландыру 2023 жылдың 23 қаңтарында жарияланды.

Анықтама:

<https://cisc.kz/48292-48292.html>

<https://cisc.kz/ru/48289-48289.html>

2. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:

Ағымдағы жылы, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» (бұдан әрі – Заң) Заңның 5-бабына сәйкес, Оператор 7 бағыт бойынша 7 жобаны іске асырды, оның ішінде:

1. Мемлекеттік органдардың БАҚ өкілдерімен өзара іс-қимылы
2. Мемлекеттік рәміздердің рөлін арттыру арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру
3. Үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін арттыру
4. Азаматтық қоғамды дамытуды ақпараттық қолдау
5. Азаматтық қоғамды дамыту
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру
7. Отбасылық құндылықтарды насихаттау

3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны:

Ағымдағы жылы оператор ҰЕҰ үшін мемлекеттік гранттар беру бойынша 1 конкурс өткізді. Келіп түскен өтінімдердің жалпы саны 15 ҰЕҰ-дан 23 өтініш, оның ішінде мемлекеттік тілде – 9 ҰЕҰ-дан 11 өтініш, орыс тілінде 6 ҰЕҰ-дан 12 өтінімді құрады.

№	Басым бағыттар	Өтінімдер саны
1	Мемлекеттік органдардың БАҚ өкілдерімен өзара іс-қимылы	3
2	Мемлекеттік рәміздердің рөлін арттыру арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру	6
3	Үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін арттыру	3
4	Азаматтық қоғамды дамытуды ақпараттық қолдау	1
5	Азаматтық қоғамды дамыту	1
6	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру	5
7	Отбасылық құндылықтарды насихаттау	4
		23

Осылайша, конкурстық рәсімдердің нәтижелері бойынша 7 грант алушымен 7 әлеуметтік жобаны іске асыруға шарт жасалды.

№	Басым бағыт	ҮЕҰ-мен шарт жасасу нөмірі мен күні	Ұйымның атауы	Грант сомасы	Үнемдеу сомасы	Игеру сомасы
1	Мемлекеттік органдардың БАҚ өкілдерімен өзара іс-қимылы		«Жағымды жаңалық» ҚБ	9 499 000	Жұмыс барысында	Жұмыс барысында
2	Мемлекеттік рәміздердің рөлін арттыру арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру		"Жастар жетістіктері" ҚҚ	10 000 000	Жұмыс барысында	Жұмыс барысында
3	Үкіметтік емес	2023 жыл 28 наурыз	"Азаматтық	9 997 390	-	9 997 390

	ұйымдардың әлеуетін арттыру	№50	қоғамның даму мәселелері жөніндегі Маңғыстау облысының Азаматтық Альянсы" (МОАА) заңды тұлғалардың қауымдастығы нысанындағы бірлестігі			
4	Азаматтық қоғамды дамытуды ақпараттық қолдау		НПУ «Эко Мангистау»	8 998 846	23 277	8 975 569
5	Азаматтық қоғамды дамыту		«Азаматтық қоғамның даму мәселелері жөніндегі Маңғыстау облысының Азаматтық Альянсы» (МОАА) заңды тұлғалардың қауымдастығы	7 494 574	-	7 494 574

			нысанында ғы бірлестігі			
6	Сыбайлас жемқорлық қа қарсы мәдениетті қалыптасты ру	2023 жыл 28 наурыз №47	«Риза ана» қоғамдық қоры	5 000 000	176 040	4 823 960
7	Отбасылық құндылықта рды насихаттау		«Саламатт ы Ел»	10 000 000	Жұмыс барысында	Жұмыс барысында
				60 989 810	-	-

4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы:

Есепті кезеңде грант 3 сала бойынша іске асырылды:

1. Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу
2. Білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу
3. Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу

5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы соммасы:

Мемлекеттік гранттарды оператор Мемлекеттік бюджет қаражатынан Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және Мемлекеттік орган мен Оператор арасында жасалған үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде береді.

Әлеуметтік жобаларды іске асыру мақсатында оператормен конкурстық рәсім өткізіліп, жеңімпаз анықталды.

Жалпы сомасы 60 989 810 теңгеге грант беру туралы 7 шартқа қол қойылды.

6. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден бөлінген қаражаттың жалпы соммасы:

Есепті кезеңде мемлекеттік гранттарды іске асыру кезеңінде бюджеттен тыс көздер тартылған жоқ.

7. Есепті кезеңде қазақстандық ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат:

ақпарат 1-қосымшаға сәйкес

8. Есепті кезеңде халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат:

ақпарат 2-қосымшаға сәйкес

9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер:

ақпарат 3-қосымшаға сәйкес

10. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер:

ақпарат 4-қосымшаға сәйкес

11. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар:

Ағымдағы жылы, Оператор «Маңғыстау облысының Ішкі саясат басқармасы» тапсырысы бойынша ұйымдастырған конкурс нәтижесінде 7 басым бағытқа 15 ҮЕҰ-дан ғана өтінім келіп түсті.

1. Күтілетін нәтижеге сапалы және уақтылы жету үшін, бәсекелестікті арттыру қажет деген пікірдеміз. Осыған байланысты, ҮЕҰ-ды жобаға қатысуға қызығушылығын арттыру мақсатында, жергілікті БАҚ, әлеуметтік желілерде, сайттарда және т.б. көздерде жаранманың саны мен сапасына көңіл аударуды ұсынамыз.

2. ҮЕҰ үшін белгілі бір бағыттардың аз тартымды болып қалуының себептерін талдау және есепке алу арқылы өтінімдерді тарту процесін жақсарту.

Гранттық бағдарламаларға қатыспаған ҮЕҰ-дан сауалнамалар жүргізу немесе кері байланыс жинау олардың өтініш бергісі келмеу себептерін анықтауға көмектеседі. Ұсынылған бағыттарға, талаптарға, қиындықтарға, қызығушылық дәрежесіне және қатысуға ықтимал кедергілерге қатысты олардың пікірін білу маңызды.

Осы аспектілерді есепке алу және гранттық бағдарламаларды ҮЕҰ қажеттіліктеріне бейімдеу арқылы өтінімдердің санын көбейту және гранттық бастамалардың тиімділігін арттыру арқылы бағыттарды қатысуға тартымды етуге болады.

Сондай-ақ жобаларды іске асырудың кейінгі кезеңдерінде түсініспеушіліктер мен сәтсіздіктерді болдырмау үшін гранттық бағдарламалардың әлеуетті қатысушылары үшін неғұрлым айқын және түсінікті талаптар әзірлеу қажет.

Гранттық бағдарламалар үшін жобаларды іріктеу критерийлерін егжей-тегжейлі сипаттау қажет. Бұған жобаның нақты параметрлері мен күтулері, сондай-ақ жеңімпаздарды бағалау және таңдау критерийлері кіреді.

Нақты және түсінікті талаптар түсініспеушіліктер мен бас тартуларды болдырмауға ғана емес, сонымен қатар өтінім беру процесін ашық етуге, қателіктер қаупін азайтуға және гранттық бағдарламалар шеңберінде ҮЕҰ жобаларын табысты іске асыру ықтималдығын арттыруға көмектеседі.

3. Жобаларды іске асыру тәжірибесі көрсеткендей, қаржыландырудың белгіленген тетігі (30% аванстау, кейіннен 30% шегеріп транштар беру) грантқаражатын уақтылы игермеу және қойылған міндеттерді сапасыз орындау нәтижесінде тәуекелдер туғызады. Осыған байланысты 80% көлемінде аванс төлей отырып, гранттық жобаларды қаржыландыру тетігін қайта қарауды ұсынамыз.

Басқарма төрағасы

Диас Л.